


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«Бекітемін»

Халықаралық Тараз  
инновациялық  
институтының ректоры  
ф.ғ.д., профессор

 Е. Саубайев  
« 27 » 2021ж.



ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

Тараз - 2021

## АЛҒЫ СӨЗ

### **1. ӘЗІРЛЕГЕН/**

Тәрбие жұмыстары және «Саналы ұрпақ» бөлімі/Отдел по воспитательной работе и «Саналы ұрпақ»

### **2. ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ**

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Г.Құлабекова.

### **3. ЕНГІЗІЛДІ**

Тәрбие жұмыстары және «Саналы ұрпақ» бөлімі

### **4. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

2.09.2021ж.

### **5. ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

3 жыл

## Мазмұны

1	Жалпы Ережелер.....	4
2	Кеңестің мақсаты мен міндеттері.....	4
3	Кеңес құрылымы.....	5
4	Кеңестің негізгі атқаратын функциялары.....	5
5	Этика жөніндегі Кеңестің төрағасыжәне орынбасары .....	5
6	Кеңестің мүшелері.....	6
7	Кеңестің хатшысы.....	6
8	Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оның тәртібі.....	6
9	Этика жөніндегі Кеңестің мәжілісі.....	7
10	Жауапкершілігі.....	8
11	Құрылымдық бөлімдермен өзара әрекеттестік тәртібі.....	8
12	А қосымшасы Келісу парағы.....	9

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Халықаралық Тараз инновациялық институтының Этика жөніндегі Кеңесі – профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің және студенттердің институт қабырғасындағы тәртібін қарауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз етуге, білім беру саласындағы құқық бұзушылықтың, институттың Академиялық адалдық Ережесін, ішкі тәртіп ережелерін, Жарғысын бұзудың алдын алуға арналған ұйым.

1.2. Этика жөніндегі Кеңес өз қызметінде заңдылық, шынайылық, адалдық және әділдік қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жастар саясаты туралы» Заңдарына және осы Ережеге сәйкес әрекет етеді.

1.3. Институтта Этика жөніндегі Кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасының төмендегі заңдары негізінде ұйымдастырылады:

- ҚР «Білім туралы» Заңы (27.07.2007 №319-III);

- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы (03.07.2014 №227-V);

- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы (18.11.2015 № 410-V);

- ҚР «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Заңы (2010.04.29 №271-IV);

- ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы (09.02.2015 № 285-V);

- ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Заңы (05.06.2014 №235-V);

- ҚР «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңы (09.06.2004 №590-II);

- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы (11.10.2011 №483-IV);

- ҚР «ҚР бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңы (25.05.2020 № 333-VI) және

- институт профессор-оқытушылары, қызметкерлері мен білім алушыларының Академиялық адалдық Ережесіне, Ғылыми Кеңес мәжілісінің шешімдері мен институт Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

## **2. КЕҢЕСТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Этика жөніндегі Кеңес институт қызметкерлерінде кез-келген құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік орта мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы берік иммунитетті қалыптастыру мақсатында құрылды.

2.2. Кеңестің міндеттері:

2.2.1. Институт қызметінде «Білім туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, құқық бұзушылық жағдайларының алдын алу және ескерту.

2.2.2. Институт Жарғысы мен Академиялық адалдық Ережесін, ішкі тәртіп ережелерін бұзу және анықталған құқық бұзушылық фактілері бойынша қызметкерлер мен білім алушылардан түскен жеке және ұжымдық өтініштерімен жұмыс жүргізу.

2.2.3. Ұжымдағы түрлі құқық бұзушылықтарға, Академиялық адалдық Ережесін, ішкі тәртіп ережелері мен институт Жарғысын бұзу мәселелерінде оқу орнының басшылығы мен ұжымды хабардар ету.

2.2.4. Құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл мен білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің түрлі әдістерін қолдану.

2.2.5. Ұжымдағы тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу және ескерту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша институт басшылығына ұсыныстар дайындау.

2.2.6. Институтта құқық бұзушылық фактілерін анықтауға жәрдемдесу және тәртіптік ықпал ету шараларына бастамашылық жасау.

## **3. КЕҢЕС ҚҰРЫЛЫМЫ**

3.1. Этика жөніндегі Кеңестің құрамы институттың беделді ПОҚ-ы мен қызметкерлерінің, қоғамдық ұйымдардың белсенді өкілдерінен жасақталады. Олардың қатарынан Кеңес төрағасы мен оның орынбасары тағайындалады.

3.2. Этика жөніндегі Кеңестің құрамына ғылым докторлары мен кандидаттар, факультет декандары, құрылымдық бөлім басшылары, ардагерлер кеңесінің төрағасы, заңгер, студенттік ректор және т.б. кіреді.

3.3. Этика жөніндегі Кеңестің құрамы ректордың бұйрығымен 1 жылға бекітіледі.

3.4. Қажет болған жағдайда тізімдік құрам бойынша Этика жөніндегі Кеңес жұмысын ұйымдастыруға жауапты проректор ұсыныстар енгізе алады.

#### **4. КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

4.1. ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың оқу орнындағы тәртібі жағдайы мен этикасы бойынша шешімдер қабылдау.

4.2. Кеңестің шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданып, Кеңес мәжілісінде бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

4.3. Кеңес мәжілістері хаттамамен ресімделеді. Хаттамаларға Этика жөніндегі Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4.4. Кеңес Академиялық адалдықты бұзу мәселесіне жіті көңіл бөліп, жан-жақты зерделеп, әділ бағасын беру үшін қажетті шараларды қабылдайды.

4.5. Институт қызметіне байланысты бекітілген Ережелердің талаптарын бұзған ПОҚ пен қызметкерлерге қатысты ішкі еңбек тәртібі ережелері мен еңбек шартына сәйкес тәртіптік сипаттағы шаралар қолдану үшін институт ректорына ұсыныс жасайды.

#### **5. ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ТӨРАҒАСЫ ЖӘНЕ ОРЫНБАСАРЫ**

5.1. Кеңес төрағасы осы Ережеге сәйкес Этика жөніндегі Кеңесті басқарады, қызметін үйлестіреді, шешімдер қабылдауда жауапкершілік танытады.

5.2. Кеңестің жұмыс жоспарын бекітеді және оның орындалуын бақылайды.

5.3. Құқық бұзушылық фактілері анықталған жағдайда ПОҚ, қызметкерлер мен білім алушылардың өтініштерін тіркейді және уақтылы қарауды қамтамасыз етеді.

5.4. Құқық бұзушылық жағдайлар бойынша тәртіптік ықпал ету шараларын қабылдау туралы институт ректорына ұсыныстар жасайды.

5.5. Институт ректорына жүргізілген жұмыс туралы Кеңестің есебін жүйелі түрде ұсынады.

5.6. Тәртіпті нығайту, құқық бұзушылықтың алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар дайындап, институт басшылығына ұсынады.

5.7. Кеңесте қаралып, ұсынылған шешімнің орындалғандығы жайлы құрылымдық бөлімдерді хабардар етеді.

5.8. Кеңес төрағасының орынбасары осы Ережеге сәйкес қызмет атқарады.

5.8.1. Кеңес төрағасының орынбасары Кеңес басшысына этика жөніндегі Кеңестің құрамын бекіту және өзгерту жөнінде ұсыныс енгізеді, Кеңес мәжілістерінің өтетін күнін белгілейді, қаралатын мәселелерге байланысты материалдар дайындайды;

5.8.2. Этика жөніндегі Кеңес мәжілісінде қаралатын мәселе бойынша баяндамашыны айқындайды;

5.8.3. Кеңес төрағасы болмаған кезде Кеңес мәжілістеріне төрағалық етеді;

5.8.4. Өз құзыреті шегінде Кеңес төрағасының басқа да тапсырмаларын орындайды.

#### **6. КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ**

6.1. Этика жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспарларына өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

6.2. Кеңес жұмысына белсенді қатысуға міндетті және өз өкілеттігін басқа тұлғаларға беруге құқығы жоқ.

6.3. Осы Ереженің талаптарын сақтауға және құпия мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

6.4. Этика жөніндегі Кеңестің мүшесі өзіне жүктелген функцияларды орындау кезінде бейтарап және объективті болуға тиіс.

6.5. Кеңес мәжілістеріне белгілі себептермен қатыса алмайтындығы туралы төрағаны алдына ала ескертуі тиіс.

## **7. КЕҢЕС ХАТШЫСЫ**

7.1. Этика жөніндегі Кеңеске берілген өтініштер мен ұсыныстарды есепке алуды және тіркеуді жүзеге асырады.

7.2. Кеңес мүшелері мен мүдделі тұлғаларды Кеңес мәжілістерінің өткізілетін күні мен уақыты туралы хабардар етеді.

7.3. Кеңес мәжілістерінің хаттамаларын ресімдейді, құрылымдық бөлімдерден қажетті материалдарды талап етеді.

7.4. Этика жөніндегі Кеңес өз құзыреті шегінде құқылы.

7.4.1. Кеңес мәжілістеріне институт әкімшілігінің өкілдерін, басшылық және профессорлық-оқытушылық құрамды, оқу-көмекші персоналын, білім алушыларды шақыру және тыңдау.

7.4.2. Құрылымдық бөлім басшыларынан Кеңес жұмысына қатысты материалдар мен мәліметтерді сұрату және алу.

7.4.3. Жұмысқа қабылдау және шығару, лауазымды қызметке тағайындау және қызметтен босату кезінде қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша қызметтік тексерулер жүргізу туралы ұсыныстар енгізу.

7.4.4. Этика жөніндегі Кеңестің шешімдері мен ұсыныстарын негізсіз орындамаған лауазымды қызметкерлердің, профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

## **8. КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРТІБІ**

8.1. Этика жөніндегі Кеңес өз қызметін институт ректоры бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

8.2. Этика жөніндегі Кеңес мәжілістері айына 1 рет өткізіледі. Егер Кеңеске шұғыл түрде ұсыныс хаттар түскен жағдайда, Кеңес кезектен тыс мәжілістерін өткізуге құқылы.

8.3. Этика жөніндегі Кеңес мәжілістеріне оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысуы шарт. Сонда ғана мәжіліс заңды деп есептеледі. Ал дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

8.4. Этика жөніндегі Кеңеске түскен ұсыныстар мен хаттар қабылданған күннен бастап 10 күн мерзім ішінде қаралады.

## **9. ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ МӘЖІЛІСІ**

9.1. Этика жөніндегі Кеңес мәжілістеріне оның мүшелерінің жалпы санының үштен екісі қатысуы шарт. Сонда ғана мәжіліс заңды деп есептеледі. Этика жөніндегі Кеңес төрағасы түрлі себептермен болмаған кезде, оның тапсырмасы бойынша төраға орынбасары төрағаның міндетін атқарады.

9.2. Этика жөніндегі Кеңестің отырысы хаттама түрінде ресімделіп, Кеңестің төрағасы мен барлық мүшелері қол қояды.

9.3. Этика жөніндегі Кеңесте қаралған тәртіптік іс бойынша шешім қабылдау жиырма жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

9.4. Тәртіптік іс уақытша тоқтатылады:

- қызметкердің еңбекке уақытша жарамсыздығы жағдайында;
- қызметкердің демалыста немесе іссапарда болуы;

- қызметкердің қайта даярлауда, біліктілігін арттыру курстарында және тағылымдамада болуы.

9.5. Мәжілісте қызметкердің тәртіптік жауаптылығын қарау кезінде Этика жөніндегі кеңес мына мәселелерді шешеді:

- 1) қызметкердің тәртіптік жауаптылығын қарау үшін негіз болып табылатын нақты іс-әрекет орын алғанын-алмағанын айқындайды;
- 2) бұл әрекет тәртіптік теріс қылық болып табыла ма және ол заңнаманың қандай нормаларын бұза отырып жасалды;
- 3) теріс қылықты жасаудағы қызметкердің кінәсі және т.б.;
- 5) тәртіптік шараның қандай түрін белгілеу ұсынылатынын шешеді.

9.6. Тәртіптік істі қарау қорытындысы бойынша Этика жөніндегі кеңес мынадай шешімдердің бірін шығаруы мүмкін:

- 1) қызметкерге тиісті тәртіптік жаза қолдануға міндетті;
- 2) тәртіптік істі тоқтатуға құқылы.

Заңнамалардың кез келген талаптары бұзылған жағдайда қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жазалау шаралары және өзге де жауапкершілік шаралары қолданылатын болады. Институтқа жұмысқа қабылдау кезінде, сонымен қатар еңбек шартына қол қою кезінде қызметкер осы аталған құжатты оқып, қол қоюы тиіс.

## **10. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

Этика жөніндегі Кеңес құрамы Кеңес отырысында қабылданған шешімдердің орындалуына жауапты болады.

Институт басшылығы ПОҚ, білім алушылар мен қызметкерлер үшін академиялық адалдықты бұзудың алдын алу және оған жол бермеу, оның ішінде кеңес беру арқылы қолайлы жағдайлар жасайды.

Академиялық адалдық ережелерін бұзу фактісін анықтаған ПОҚ, қызметкер немесе білім алушы факультет деканына немесе тікелей Этика жөніндегі Кеңеске жазбаша өтініш беруі тиіс. Деканатқа жүгінген жағдайда, өтініш Этика жөніндегі Кеңестің қарауына жіберіледі.

Өтініште көрсетілген мәселеге байланысты Этика жөніндегі Кеңестің отырысына процеске қатысушылардың барлығы қатысуға міндетті. Кеңес тәртіптік сипаттағы шараларды қолдану туралы шешім қабылдайды. Шешім хаттамамен ресімделеді.

Емтихан кезінде білім алушы тарапынан тәртіп бұзылған жағдайда, факультет деканы мен кафедра меңгерушісі білім алушының мінез-құлқын факультет кеңесінің отырысында қарауға және тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдауға міндетті. Шешім факультет кеңесінің хаттамасымен ресімделеді.

Емтихан немесе бақылау іс-шаралары кезінде бекітілген ережелерді бұзған ПОҚ немесе қызметкер белгілі бір мерзімге, онымен еңбек шарты бұзылғанға дейін емтихандарды өткізуге қатысудан (курстық, дипломдық жұмыстарды қорғау және т.б.) шеттетілуі мүмкін.

## **11. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ТӘРТІБІ**

Этика жөніндегі кеңес институттың барлық құрылымдық бөлімдермен, қоғамдық ұйымдармен және институтта жұмыс істейтін басқа да кеңестермен қызметтік қарым-қатынасты сақтайды.

